

Информация об авторах:

Турганбек Алланиязов – **основной автор**, кандидат исторических наук, доцент, профессор кафедры «История Казахстана, экономика и право», Жезказганского университета имени О.А.Байконурова, г. Жезказган, Республика Казахстан

E-mail.ru: Klio56@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6761-1525>

Авторлар туралы ақпарат:

Тұрғанбек Алланиязов – **негізгі автор**, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, «Қазақстан тарихы, экономика және құқық» кафедрасының профессоры, Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті, Жезқазған қ., Қазақстан Республикасы

E-mail.ru: Klio56@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6761-1525>

FTAMP 38.53.15

DOI 10.47649/vau.2022.v66.i3.03

ӨОЖ 553.982.2

Л.Б. Бердіғожин^{1*}, Ж.Қ. Аманбаева¹

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы

*e-mail: berdyguzhin@mail.ru

МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙ-ГАЗ КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

Аңдатпа.

Мақалада Маңғыстау жерінен мұнай газ кен орындарының ашылып, даму тарихы баяндалады. Қазақстан жерінен мұнай-газ кендері ашылып, өндіріле бастағанына 120 жылдан аса уақыт аралығында, көптеген зерттеулер жарық көріп, оның тарихнамалық проблемаға айналғанына қарамастан арнайы сараптамалық еңбектер жарық көрмеді.

1950 жылы КСРО-да мұнай өндіру көлемі 1940 жылмен салыстырғанда 22% өсті. Бұл істе шығыс аудандардың, соның ішінде Қазақстан мұнайшыларының да үлес салмағы 40% құрады. Қазақстан мұнай өнеркәсібін соғыс алдында Ембімұнай және Ақтөбемұнай трестері құрап, барлық барлау, бұрғылау, өндіру істерін қатар атқарса, соғыстан кейінгі жылдары республика мұнай өнеркәсібінде қомақты құрылымдық өзгерістер болды. 1950 жылдардың аяғы мен 1960 жылдардың басында Қазақстан мұнай-газ өнеркәсібінің тұтастай комплексі қалыптасуында Кенқияқ, Прорва, Қосөзен кеніштерінің ашылуы қаншама маңызды болды. Осы жылдары Маңғыстау түбегінен мол мұнай-газ қоры анықталып, өндірілуі Қазақстан мұнайшы мамандарын дайындығы мен іскер қажыр-қайраттары жөнінен Ресей, Әзірбайжан сияқты ірі Одақтық мұнай өндірістерін бірден көтерді.

Еңбекті жазуда архив деректері және соңғы жылдары жарық көрген диссертациялық, монографиялық еңбектер пайдаланылды. Тәуелсіз еліміздің экономикалық дамуында өз орны бар Маңғыстау мұнай газ өндірісі, түбектегі әлеуметтік экономикалық дамудың негізі болып отыр. Жаңаша көзқараста жазылған еңбекте шағын қалалар мәселесі, демографиялық даму мен экологиялық жағдай да нақты деректермен берілген.

Негізгі сөздер: Қазақстан, мұнай газ өндірісі, Маңғыстау түбегі, Жаңа Өзен қаласы, Жетібай кен орны, Сафи Өтебаев.

Кіріспе.

Қазіргі кезде Маңғыстау жерінен мұнай газ кен орындарының ашылып, даму тарихын зерттеу осы өңір дамуындағы өзекті мәселелердің бірі. Маңғыстау мұнайының дамуына

сүбелі үлес қосқан, өндіріс басшысы, ғалым Ләззат Қиынов түбекте жүргізілген ерен еңбек ізденісін төрт кезеңге бөледі.

1-ші кезең 1887-1949 жылдар аралығындағы зерттеу жұмыстары жүргізілген кезең. 1887 жылы Н.И. Андрусов, 1911 жылы және 1926-1927 жылдары М.В. Баярунос, 1926 жылы В.Д. Соколов, 1932-1933 жылдары С.И. Алексей зерттеулері мен Ұлы Отан соғысынан кейін жалғастырылған БҒЗГБИ (Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу геологиялық барлау институты) геологтарының жұмыстары.

2-ші кезең. 1950-1957 жылдары БҒЗГБИ экспедициясы жүргізген зерттеулер, түбектегі мұнай, газ іздестіру жұмыстары.

3-ші кезең. 1957-1961 жылдары Маңғыстаудың өндірістік мұнай мен газдылығын анықтау, байқау үшін бұрғылау жұмыстарын жүргізу. 1961 жылы 5 шілдеде №6 скважинадан мұнай фонтанының атқылауымен, Өзен алаңында Юра қабатының мұнай көзінің ашылуымен ерекшеленеді.

4-ші кезең. 1961 жылдан, яғни Оңтүстік Маңғыстауда жаңа мұнай көздерін барлаудан басталады. Нәтижесінде, Теңге (1964), Тасболат (1965), Қарамандыбас (1965), Шығыс Жетібай (1965), Донға Еспелісай (1969) мұнай-газ кен орындары, Қансу (1970), Ақсу-Кендірлі (1972), Оңтүстік Аламұрын газ кен орындары ашылды. 1980-1990 жылдары Солтүстік Маңғыстаудан, Үстірттен және Оңтүстік Прикаспий аймақтарынан мұнай мен газ кендері ашылды.

Маңғыстау түбегін зерттеген М.В. Боярунос 1910-1911 жылдары фосфорит, 1926-1929 жылдары тас кемір кендерін тапты.

XX ғасырдың 30 жылдары Ембі мұнайы мен Батыс Түрікменстанның мұнайы, Қарабұғаз сульфаты ашылуына байланысты Маңғыстау байлығын игеру мәселесі де ауызға алына бастады. Маңғыстау қазба байлығын зерттеуге Ленинградтағы Бүкілодақтық геологиялық барлау ғылыми-зерттеу институтының сіңірген еңбегі зор. 1941 жылы институт қызметкері С.Н. Алексейчик Маңғыстаудағы мұнай кендері орналасуының картасын жасады. 1960 жылдардан бастап Қазақстан геология басқармасы Маңғыстаудағы зерттеуді өз қолдарына алды. 1961 жылы 5 маусым күнгі Жетібай бұрқағы өлкеде кең өндірудің басы болды.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Тәуелсіздік жылдары тақырыпқа қатысты жарық көрген Ә.Мұқтардың еңбегінде 1920-1940 жылдардағы мұнай өндірісі саласы жұмысшыларын, техникалық мамандарын даярлау тарихының жетістіктерімен қатар аштық пен нәубеттің демографиялық салдары тың деректер арқылы баяндалады [1]. Л.Н. Нұрсұлтанованың зерттеуінде Қазақстан мұнай өндірісінің 1917 жылға дейінгі дамуы, шетел капиталының тартылуы баяндалады [2]. Осындай біршама зерттеулердің жарық көруіне қарамастан, бір ғасырдан астам тарихы бар қазақ мұнай-газ өндірісінің қалыптасу және даму ерекшелігі жергілікті тұрғындарға тигізген әлеуметтік-экономикалық ықпалы мәселесін бір-біріне сабақтастыра қарастырып келе жатқан ғалымдар еңбектеріндегі қайшылықты пікірлерді бір арнаға түсіре отырып, бұл саладағы ұлттық маман кадрларды дайындау тарихын жаңа методологиялық ұстанымдар мен материалдар негізінде Л.Бердіғожиннің мұнай газ өндірісінің кадрлық әлеуеті туралы монографиясы зерттеуі жазылды [3]. Мұнай-газ өнеркәсібіне байланысты ғасырлар тоғысында және 2000 жылдары сындарлы да, салмақты зерттеу еңбектері жазылды. Қ.С. Мұқитов өз зерттеулерінде мұнайшылардың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қам-қарекет тіршілігін жазса [4]. Г.И. Көбенова диссертациясы «Ақтөбемұнайгаз» бірлестігі тарихына

арналды және Л.С. Серикованың мұнай-газ кешендерінің 1985-2000 жылдар аралығындағы дамуын саралаған зерттеуі [5], [6].

Нәтижелер және оларды талқылау.

Қазақстан мұнай өнеркәсібін соғыс алдында Ембімұнай және Ақтөбемұнай трестері құрап, барлық барлау, бұрғылау, өндіру істерін қатар атқарса, соғыстан кейінгі жылдары республика мұнай өнеркәсібінде қомақты құрылымдық өзгерістер болды.

Барлау және бұрғылау жұмыстарымен айналысатын Қазақстан мұнай барлау, Ақтөбе мұнай барлау, мемлекеттік геофизика трестері құрылды.

Ал, ашылған кен орындарын өндірістік пайдалануға дайындайтын Қазақстанмұнай құрылыс тресті еңбек беті де осы жылдардан басталады. Мұнайлы өлкенің қарыштап дамуында Отандық геология және мұнай-химия ғылымы да айтарлықтай үлес қосты. Бұл істе Қазақстан КСР Ғылым Академиясының бірінші президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (1899-1964) ерекше рөл атқарды.

Қ.И. Сәтбаев араласуымен 1946 жылы шілдеде Гурьевте Жайық-Ембі ғылыми зерттеу базасы ұйымдастырылды.

База директоры болып Сапар Қарымсақов (1904-1975) тағайындалды. Сапар Қарымсақов еңбек жолын 1925 жылы Доссор мұнай өнеркәсібінде коллектор болып бастаған. Еңбектен қол үзбей, Мәскеу тау-кен академиясын бітірген. 1938 жылы Баку қаласындағы Бүкілодақтық мұнай өнеркәсібі академиясын бітірген. 1929-1931 жылдары Доссордағы кен-өнеркәсіптік оқу орнының директоры, Гурьев қаласындағы ФЗО мектебі директоры, Доссордағы кен-өнеркәсіптік оқу орнының директоры, 1931-1941 жылдары «Ембімұнай» тресінің геологиялық-барлау кеңесінде бастық, кейін директор, 1941-1942 жылдары облыстық партия комитетінде хатшы, 1942-1943 жылдары «Қазақстанмұнай» тресінің Орталық ғылыми-зерттеу лабораториясының директоры, 1943-1944 жылдары Доссор мұнай өндіру кәсіпшілігінің директоры болып еңбек етті [7].

Көмірсутегі қорын іздестірудегі ғылыми-зерттеу базасы ұйымдастырған 1949 жылғы қаңтарда өткен Қазақ КСР Ғылым Академиясы көшпелі сессиясының шешімдері кен орын іздестіруді жаңа биік сапаға көтерді. Ғылыми-зерттеу базасы жанынан мұнай геологиясы, мұнай кен орындарын пайдалану секторлары ұйымдастырылды. Мұнай өнеркәсібі мамандарының ғылымға ден қоюы, яғни өз жұмыстарында ғылыми ізденістерді кең түрде пайдалана бастауы 1956 жылы база негізінде мұнай институтының ашылуы және 1960 жылы осы институт негізінде құрылған мұнай химиясы және табиғи тұздар институты, геология және геофизика институты ғалымдары мен қоян-қолтық араласуы негізінде қалыптасты. Өлкемізде 1950 жылдары жүргізілген күрделі ғылыми зерттеулерге институт директорлары В.Г. Беньковский, Т.Г. Сарбаев және өндіріс ғылымдары П.Я. Авров, А.Б. Ли, М.А. Арапетян, С.Е. Шакабаев бастаған мамандар жетекшілік жасады. Ғылыми жобалар жасалып, мұнай мен газдың мол қорын табу үшін жанқиярлық күрес басталды.

1950 жылдардың аяғында осындай ізденістер жемісін беріп, ірі кен орындары ашылды. Осы жылдардың аяғында «Маңғыстаумұнайгаз барлау» трестінің құрылуы бұл істің басы болды.

«Маңғыстаумұнайгазбарлау» кешенді тресті одақтық Мұнай министрлігінің 1957 жылғы 5 қаңтардағы қаулысы негізінде және «Қазақстанмұнайгаз» бірлестігінің сол жылғы 8 сәуірдегі бұйрығымен құрылды. Алғашында ол трест атанып, басқару аппараты Форт-Шевченко қаласында орналасты. Ұжымды білікті инженер О.Бердіғожин басқарды. Жаңадан ұйымдасқан трест геологтары Маңғыстаудың Бозашы бағытында, Түбіжік, Қазан,

Ақшымырау, Қошақ, Қаршажы- Тасбас т.б. жақтарын бұрғылады. Барлау аясы біртіндеп кеңіп, Жетібай, Асар, Өзен атыраптарына ауысты.

Маңғыстауда барлау-бұрғылау жұмысын бастаған уақытта трест басшы құрамы төмендегідей болды. О.Бердіғожин – директор, Б.И. Боранов – директор орынбасары, В.М. Ким – бас есепші, А.Хисметов – бас инженер, Н.А. Суворов – бас механик, В.Токарев – бас геолог, В.М. Власов – өндіріс-техникалық бөлім бастығы.

Трест мамандары бастапқы кезде Маңғыстаудың үш жеріне бұрғы салып, өз жұмыстарын бастады. Әр бағытқа арнайы бұрғышылар партиясы бөлінді. Олар бірінші Түбіжік бағытына №1 терең бұрғылау партиясы бекітілді. Партия басшысы Қуан Қазиев, аға геолог Ж.Даутов, К.Есенжанов есепші, шеберлер К.И. Бураков, А.Д. Александров, аға механик И.Н. Зотов.

Екінші Жетібай бағытына №3 партия бекітілді, партия басшысы Д.Үсенов, есепші Жұмажанов, Таджиев – механик, Х.Алдаков аға инженер, В.Н.Тевяков аға геолог, шеберлер Рыскалиев, Щедрин.

Үшінші Қызан бағытына №4 партия бекітілді. Партия басшысы Х.Тажиев, есепші Сисенов, механик Шульц, аға геолог Б.Исмурзин, И.Кузнецов – бұрғы шебері, шаруашылық бөлім басшысы Тұрғымбаев.

Трестің мұнара құрастыру бөлімін П.Д. Цепов, шеберхана бөлімін К.М. Болдыров басқарды [8].

Трестің негізгі мамандар тобын Ембі мұнайшылары құрады. Бұрғылау жұмыстары басталысымен жергілікті тұрғындарды кадр дайындау үшін бұрғышы көмекшісі, моторист, кілтші т.б. арналған Таушық мектебі түлектерінен арнайы курс ұйымдастырылды. Курсты Губкин атындағы Мәскеу мұнай институтын бітірген, инженер Хасан Тәжиев жүргізді. 1958 жылы курсты 30 жас маман бітірді. Х.Тәжиев мұнайшылар жанұясында тәрбиеленген, еңбек жолын Құлсары бұрғылау мекемесінде бастаған. Кейін Жетібай бұрғылау экспедициясы басшысы, трест бас инженері болды [4. – 109].

Маңғыстау даласындағы мұнай мен газ үшін күрес Форт-Шевченко қаласынан басталды. Себебі, трест кеңсесі осында орналасты және негізгі құрылыс материалдары, техника бөлшектері, азық-түлік Каспий теңізі арқылы тасылды. Ауыр техника, бұрғы қондырғылары Ембіден тікелей қара жол арқылы әкелінді. Бұрғылау жұмысымен бірге мамандар үшін тұрғын жай, өндіріс үшін электр қуаты, ең негізгісі су мәселесін шешу қатар жүргізілді.

Бұл трест ұжымының белгіленген мемлекеттік жоспарды орындауына қиындық туғызды.

Мысалы, тресте 1958 жылдың бірінші тоқсанда терең бұрғылау 2400 метр, структуралық бұрғылау 4000 метр, квартирлік бұрғылау 1000 метр болып жоспарланса, орындағаны терең бұрғылау 952 метр, яғни 47,6%, структуралық бұрғылау 7169 метр яғни 178%, квартирлік бұрғылау 1039 метр, яғни 103,9% болды. Мемлекеттік жоспарды орындау үшін 1959 жылы 23 мамырда өткен трест кәсіподақ ұйымының кеңейтілген мәжілісінде мәселе өткір қойылды. Себебі, трест 1958 жылғы жоспарды 53,2%, 1959 жылдың 4-айының жоспарын 41,7% орындаған. Бұның негізгі себебі маман кадрлар тапшылығы, техниканың тез істен шығуы, бұрғы қондырғыларындағы өндірістік апаттар деп көрсетілген [9].

Бұл кезде Жетібай партиясы 1959 жылдың 24 қаңтарынан екі ұңғыны бұрғылауда болатын.

Бірінші ұңғыны шеберлер Юрий Кузнецов пен Жігер Тұқатов, бұрғышылар Көшкінбай Қалиев пен Николай Петров басқарса, екінші ұңғыны Салық Рысқалиев бригадасының Қадыр Қожахметов, Әбіл Жақсымбетов, Бисенғали Бижеков, Жалды Тақжинов бұрғылады.

1960 жылдың ақпаны аяғында № 2 ұңғы 1715 метр тереңдіктен мұнай қабатына жетті, кейін № 1 ұңғыда мұнай қабатына жетті. Бұл көрсеткішке кейірек № 6 ұңғы да жетті. № 6 ұңғыны шебер Николай Петров басқарды. 1961 жылы 5-шілдеде таңғы сағат төртте № 6 ұңғыда биіктігі 53 метр, көлемі 300 метр мұнай мен газдың қуатты бұрқағы атқылады. Бұрқақ 7 шілде күні 12 сағатта ауыздықталды. Осы күні Маңғыстау мұнайының қорын алған басшылар КСРО геология министрі орынбасары Б.Н.Ерофеев, Қазақ КСР геология министрі Шахмардан Есенов, Батыс Қазақстан геология басқармасы бастығы Е.И.Иванов, бас геолог Нарен Имашев Жетібай кенішіне келді. Бұл кезде Жетібайдың Оңтүстік – Шығысындағы 80 км. жерде орналасқан Өзен бағытында да бұрғылау жүргізіліп жатқан болатын. Оны жүргізген структуралық барлау партиясына М.Қайырлиев жетекшілік жасады.

1961 жылы 5 қаңтарда №18 ұңғыдан 367 метр тереңдіктен өзен мұнайының бастауы болған табиғи газ бұрқағы атқылады. Ұңғыны шебер Ғазиз Абдыразақов бригадасы бұрғылаған болатын.

Бұдан кейін 1961 жылдың аяғында №1 ұңғыда 1248 метр тереңдіктен мұнай бұрқағы алынды. Өзен мен Жетібай мұнай-газ бұрқақтары Маңғыстау түбегінің мұнай мен табиғи газға бай екенін көрсетті. Енді кеніштерді өндірістік пайдалану мәселесін шешу проблемасы тұрды. Ірі мұнай қорын игеру көршілес республикаларды, әсіресе Түркменстан КСР басшылығын да қызықтырып, өз қарауына алу ниетін білдірді.

1962 жылы күзде Түркменстанның Небит Даг қасындағы «Ленинскмұнай» басқармасына СОКП Орталық комитеті бірінші хатшысы Н.С. Хрущев жұмыс сапарымен барып, түрікмен мұнайшыларына Маңғыстау мұнайын игеру мүмкіндігі мәселесін көтерді. Жоғары дәрежелі саяси мән алған мәселені шешуде академик Қ.И. Сәтбаев, Қазақстан КП Орталық комитеті хатшысы Р.Байғалиев, геология министрі Ш.Есенов ерекше іскерлік, турашылдық мінездерімен танылды.

Маңғыстау мұнайы Қазақстан еншісінде қалдырылды. Енді оны тез арада игеру міндеті тұрды. Батыс Қазақстан өлкелік халықшаруашылық кеңесінің төрағасы Сафи Өтебаевтың 1963 жылы одақтық мұнай комитетінің төрағасы Николай Константинович Байбаковқа мақұлдатып, Халық шаруашылығы Советінің төрағасы Дмитрий Федорович Устиновқа қабылдатқан сегіз ұсынысы арқасында Маңғыстау мұнайын тез арада игеру жүзеге асырылды.

Олар:

Бірінші, Шевченко қаласында «Маңғышлақнефть» бірлестігін құру.

Гурьев пен Шевченко қаласының арасы тым қашық. Ал, Жетібай мен Өзен оның да арғы жағында. Жұмыс көбейген сайын Гурьевтен басқару мүмкін болмауға айналды. Ал, Маңғыстау жолсыз, сусыз мидай дала. Осы мидай далада күні ертең үлкен өндіріс жұмыс істейтін болады. Демек, ол өндірісті қоян-қолтық араласып отырып басқару керек.

Екінші, мұнайшы-жұмысшылардың айлық жалақысын көбейту.

Маңғыстауда жұмыс істеу кімге де оңай емес. Сусыз жер. Ел жоқ. Табиғаты қолайсыз аймақ. Сол себепті бұл ауданға жұмысшы келе қоймайды. Ал, «өзі қолтықты» тірілту үшін мыңдаған жұмысшы күші керек.

Үшінші, Мақат-Шевченко теміржол құрылысы аяқталды. Оны одан әрі Жетібай арқылы Өзенге жеткізу жобасын жасап, құрылысын неғұрлым жылдам бастап кету. Бұл

толып жатқан жүк тасымалдау мен жол қатынасын былай қойғанда, ең әуелі осы екі алаңның алғашқы өндірістік мұнайын тасымалдау үшін керек.

Төртінші, Шевченко қаласынан Жетібай арқылы Өзенге жоғары вольтті электр желісін тарту. Ол үшін Шевченкодағы электр станциясының қуатын арттыру. Электр станциясына қосымша 25 мың киловатт қуат беретін қозғалтқыштар бөлу. Әрине, кәсіпшілікті іске қосудан бастап, басқа да толып жатқан жұмысшы атқаруға, қыл аяғы Күн бата сала Кең даланы бүркеп алатын қараңғылықты жарық етуге де электр қуаты қажет.

Бесінші, Өзенде тұрғын үйлер салу.

Күні ертең осында жұмыс істейтін мыңдаған жұмысшыны тұрақтандыру баспана мәселесіне тікелей тәуелді.

Алтыншы, «Шевченко-Жетібай-Өзен» асфальт жолын салу.

Жетінші, мұнай өндіру кәсіпшіліктеріне қажетті түрлі өндіріс базаларын салу.

Сегізінші, мұнай және су құбырларын тарту.

1965 жылы 13 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің ауыр өнеркәсіп саласы бойынша қаржы-шаруашылық мәселесін талқылаған бюджет комиссиясы мұнай өнеркәсібі жылдық жоспарды орындаған соң, әсіресе Маңғыстау мұнайын игеру мәселесі артта деп қорытындылады. Осы бағытта, ашылған кен орындарын тез игеру мәселесі басты назарға алынды.

Маңғыстау түбегіндегі Жетібай кен алаңын өндірістік пайдалану 1967 жылы 1 қаңтарда басталды. 1967-1968 жылдары кеніште 19 мұнай өндіру, 14 газ өндіру ұңғылары жұмыс жасап, олардан 319 730 мың тонна мұнай, 113 564 млн. куб. метр газ өндірілді. Кенішті игеру үшін құрамында 5-цех бар «Жетібаймұнайгаз» басқармасы ұйымдасты. Басқарманы А.Дергачев басқарса, кейін «Прорвамұнай» кәсіпшілігінен тәжірибелі С.Нұржанов басшылыққа жіберілді.

1965 жылы 10 шілдеде Маңғыстау мұнайы тиелген тұңғыш эшелон Гурьевтің (қазіргі Атыраудың) мұнай өңдеу зауытына жөнелтілді. Келесі жылы «Өзен-Жетібай-Ақтау» мұнай құбыры салынып, сұйық отынды темір жолдардың, теңіз портының базаларына жеткізді. Алғашқы алты айда Өзен кенішінен 334,6 мың тонна газ, 1400 мың тонна мұнай өндірілді. Жетібай кен орнынан мұнай 1966 жылдың желтоқсанында өндіріле бастады. 1967 жылы Өзен мен Жетібайдан 3738 мың, ал 1970 ж. 10401 мың тонна бағалы шикізат өндірілді. Бірақ, түбектің үлкен мұнайының теңіз және су жолымен өңдеуші кәсіпорындарға тасымалдау мүмкіндігі көтермегендіктен, жалпы ұзындығы 1500 км. Өзен-Ақтау-Құлсары-Атырау-Куйбышев ыстық мұнай құбыры тұрғызылды. Ол 1969 жылы 25 тамызда іске қосылып, мұнай тасымалдана бастады [10]. Қазақстан мұнай-газ өндірісі ардагері Рахмет Жайлыбайұлы Өтесінов бұл кезең туралы, өз еңбектерінде көрсетеді.

1963 жылы күзде «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігі құрылды.

Бірлестік басшысы болып С.Чеплаков, бас механик Сахи Акимбаев, директор орынбасары Өтеп Балғымбаев, бас инженер Н.В.Смольников тағайындалды.

Сол бірлестікті ұйымдастыруға бірінші болып оның болашақ бастығының орынбасары Өтеп Балғымбаев келді. Ол өзімен бірге бас есепші Адайбай Раевты, бас механигі Сахи Әкімбаевты, жоспарлау бөлімі бастығы Темірхан Сарбефинді, техника бөлімі бастығы Табын Өржановты, оның орынбасары Сәлімжан Асылхановты ала келді. Міне, біріншілер осылар. Ал біріншілердің ішіндегі біріншісі - Өтеп Балғымбаев.

Бастық Степан Федорович Чеплаков екі-үш ай кейін келді. Ол өзімен бірге бір топ Бакуліктерді ала келді. Оның ішінде бас инженер Смольников, бас геолог Дүрмишьян еңбек,

кадр бөлім басшылары Костин, Костина, мұнай өндіру бөлімі бастығы Самуэлян, геология бөлімі бастығы Дмитриев... тағы басқалары бар.

1964 жылы шілдеде Өзенде мұнай өндіру басқармасы ашылып, мен соның алғашқы бастығы болып тағайындалдым.

Жаңадан құрылған «Өзенмұнай» басқармасына 1964 жылы 1 шілдеде директор болып Рахмет Өтесінов, бас инженер Александр Дергачев, бас геолог Алексей Осадчий, директор орынбасары Орынбай Бердіғожин тағайындалды.

Басқармада 1964 жылы 15 қарашадағы есеп бойынша 114 адам еңбек етсе, оның 21-і инженер-техникалық қызметкерлер еді.

1966 жылы 17 қаңтарда өткен академик Губкин атындағы мұнай-газ өнеркәсібі саласындағы Қазақ республикалық ғылыми-техникалық қоғамының, құрамында салынушы мекемелер директоры, қоғам төрағасы Н.И. Гершман, бірлестіктің ғылыми-техникалық бөлімі бастығы Т.К. Оржанов, «Маңғыстаумұнай барлау» тресті бас инженері С.Балғымбаев, «Өзенмұнай» кәсіпшілігінің бас инженері А.А. Дергачев бар төралқа мәжілісінде Оңтүстік Маңғыстауда Өзен және Жетібай кеніштерін ашқаны үшін 1966 жылғы ғылым мен техника саласы бойынша Лениндік сыйлыққа үміткерлер ұсынылды.

Осы ұсыныс негізінде 1966 жылы «Маңғыстаумұнайгаз барлау» трестінен Х.Ж. Өзбекқалиев, Х.М. Махамбетов, В.П. Токарев, «Ембімұнай» бірлестігінен Ж.А. Досмұханбетов, ВИИГРИ (Ленинград) ғалымдары Н.Н. Черепанов, Б.Ф. Дьяков, Батыс Қазақстан геологиялық басқармасынан Н.О. Имашев, Е.И. Иванов, Қазақ КСР геология министрлігінен Ш.Е. Есенов, В.Г. Матвеевке Лениндік сыйлық берілді [11].

1966 жылы 20 маусымда КСРО Жоғары Кеңесі төралқасының жарлығымен «Маңғыстаумұнай барлау» тресті бұрғышы шебері Салық Рысқалиев Социалистік еңбек Ері атағымен марапатталды. 1950 жылдардың аяғы мен 1960 жылдардың басында республика мұнай-газ өнеркәсібінде болған ірі-ірі өзгерістер, 1965 жылы басталған шаруашылық реформасы негізінде әрі қарай жалғастырылды.

КСРО Министрлер Кеңесінің 1965 жылғы 12 қазандағы №755 қаулысы негізінде халық шаруашылығы кеңестеріне бағынатын мұнай кәсіпшіліктері тікелей Одақтық мұнай-газ өнеркәсібі министрлігі құзырына берілді.

Осы қаулыны іске асыру үшін республика министрлер кеңесі 1965 жылы 20 қарашада №769 қаулы қабылдады.

Қаулы бойынша республика мұнай-газ өнеркәсібінің төмендегідей құрылымы мен кадр құрамы бекітілді.

Қазақстанмұнай бірлестігінің құрылымы мен құрамы: (орталығы Шевченко қаласы).

I. «Ембімұнай» комбинаты (бұрынғы «Қазақстанмұнай» бірлестігі).

1. Ірілендірілген Доссор мұнай кәсіпшілігі – 447 адам
2. Ірілендірілген Мақат мұнай кәсіпшілігі – 373 адам
3. Байшонас мұнай кәсіпшілігі – 318 адам
4. Ірілендірілген Қосшағыл мұнай кәсіпшілігі – 357 адам
5. Ірілендірілген Құлсары мұнай кәсіпшілігі – 776 адам
6. Ірілендірілген Сағыз мұнай кәсіпшілігі – 227 адам
7. Ірілендірілген Комсомол мұнай кәсіпшілігі – 171 адам
8. Ірілендірілген Қошқар мұнай кәсіпшілігі – 230 адам
9. Қаратон мұнай өндіру басқармасы – 680 адам
10. Кенқияқ мұнай өндіру басқармасы – 348 адам
11. Прорва мұнай өндіру басқармасы – 1112 адам

Оның ішінде: 1. Прорва бұрғылау кеңсесі – 590 адам

2. Құлсары автокөлік кеңсесі – 194 адам

3. Доссор көлік жөндеу зауыты – 277 адам

4. № 2 транспорт кеңсесі – 277 адам

5. Жол мекемесі – 304 адам

6. Гурьев коммуналды мекемесі – 437 адам

7. Ұңғыларды күрделі жөндеу мекемесі – 224 адам

8. Орталық ғылыми зертхана – 94 адам

9. Норма зерттеу станциясы – 63 адам

10. Оқу комбинаты – 12 адам

11. №13 қарауыл отряды – 176 адам

12. Құрылыс монтаж басқармасы – 321 адам

13. Мұнай техникумын жабдықтау мекемесі – 237 адам

14. Салынып жатқан мекемелер дирекциясы – 20 адам

15. Комбинат басқармасы, экономикалық бөлім – 84 адам

Жалпы, «Ембімұнай» комбинаты бойынша, барлығы – 8065 адам

II. Маңғыстау – бұрынғы «Маңғыстаумұнай» бірлестігі құрамы 1966 жылы 1-қаңтар бойынша:

1. Өзенмұнай басқармасы – 590 адам

2. Өзен мұнайгазбарлау экспедициясы – 648 адам

3. Пайдалану бұрғылау мекемесі – 553 адам

4. Жабдықтауға арналған өндірістік-техникалық база – 415 адам

5. Автокөлік мекемесі – 633 адам

6. Магистральды мұнай өнімдері құбыры басқармасы – 170 адам

7. Салынып жақан мекемелер дирекциясы – 44 адам

8. Нормалау-зерттеу станциясы – 22 адам

9. Бірлестік аппараты – 92 адам

III. Петровский атындағы зауыт – 834 адам

IV. Жұмысшыларды жабдықтау басқармасы (8-ОРС, 3-қосалқы шаруашылық, сауда базасы) – 1988 адам

V. Гурьевтегі мұнай өнімдері магистральды құбыр басқармасы – 1457 адам

VI. Орталық техникалық ақпарат бюросы – 25 адам.

«Қазақстанмұнай» бірлестігінде 1966 жылы 1-қаңтарда 15 536 маман еңбек етті.

Оның ішіндегі: жұмысшылар – 11971, инженер-техниктер – 1794, қызметшілер – 604. Бірлестікте 137 жас мамандар жоғары және орта арнаулы оқу орнына жіберілді [12].

117 жас маман басшы лауазымдарға жоғарылатылды. 1966 жылы 1 қаңтарда 609 адам маман жұмысшы ретінде дайындады, 1454 қызметкер мамандықтарын жетілдіру курстарынан өтті. Кәсіптік білім жүйесіне 184 жас жіберілді. Осы кезеңде еліміздің жоғары және орта арнаулы оқу орындарында бірлестік қаржысы есебінен 97 адам білім алып жатты.

1965 жылы 13 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің ауыр өнеркәсіп саласы бойынша қаржы-шаруашылық мәселесін талқылаған бюджет комиссиясы мұнай өнеркәсібі жылдық жоспарды орындаған соң, әсіресе Маңғыстау мұнайын игеру мәселесі артта деп қорытындылады. Осы бағытта, ашылған кен орындарын тез игеру мәселесі басты назарға алынды.

Бозашы түбегі Шевченко (Ақтау) қаласынан солтүстікке қарай 300 километр жерде. Бұрын Каспий теңізінің табаны, теңіз 15-20 километр қашықтықта орналасқан.

Кең көлемді геологиялық барлау жұмыстарын жеңіл жылжымалы станоктармен жүргізудің арқасында Бозашы түбегінен Қаражанбас мұнай кені ашылды. 1974 жылы 26 қаңтарда құрылымдық зерттеу нәтижесінде Қаражанбаста 303 метрлік тереңдіктен мұнайдың мол қоры анықталды.

Ол тәулігіне 150 тоннадай мұнай бере алатын еді. Мұны ашқан бұрғылау мастері С. Таяновтың бригадасы, ол Октябрь Революциясы және Еңбек Қызыл Ту ордендерімен наградталды. 1976 жылғы 30 қаңтарда А.И. Волочаевтың бригадасы Қаламқас мұнай кенін тапты. Сол жылғы 21 желтоқсанда Е.Төрехановтың басқарған бригадасы да Жалғызтөбе алаңынан «қара алтын» кенін ашты. Құрылымдық зерттеу және барлау жұмыстарын барынша кең көлемде жүргізудің нәтижесінде басқа да кенді алаңдар табылды. 1974-1978 жылдары жыл сайын 20-22 мың метр тереңдік бұрғыланып, 45 скважина іске қосылды. Жоғарыда аталған алаңдарда тереңді тілген қазу жұмыстарының көлемі 30-40 мың метрге жетті. Комплексі және тереңдетілген қазу әдістері мен геологиялық іздеу және барлау жұмыстарының қатар жүргізілуі нәтижесінде жаңа мұнай алаңдарын зерттеп, өндірістік игеруге тез тапсыруға мүмкіндік туды. Бозашы түбегінің мұнайын ашуда Х.Ж. Өзбекқалиев, Ж.Сәлімгереев, Х.Тәжиев, Т.К. Көшенов, С.Казиев сияқты білімді де білікті мамандар мол тәжірибелерін терең біліммен ұштастырды. Бозашы түбегіндегі өндірістік, геологиялық, геофизикалық барлау, бұрғылау жұмыстарына тікелей басшылық жасаған Гурьевтегі мұнай газ барлау бірлестігі мен Қазақ КСР Геология министрлігі еді. Маңғыстау түбегінде мол мұнай-газ қорының табылуы Отандық геологтарды, ғалымдарды жаңа кен орындарын ашуға жігерлендірді.

1973 жылдан бастап «Маңғыстаумұнайгаз барлау» тресті өз жұмысын Бозашы түбегінде кеңейте түсті. Оның нәтижесінде 1974 жылы Қаражанбас, 1975 жылы Солтүстік Бозашы, 1976 жылы Қаламқас, 1976 жылы Жалғызтөбе, 1979 жылы Арман, 1979 жылы Шығыс Қаратұрын, 1980 жылы Теңіз Қаратұрын кен орындары ашылды.

Аз уақытта түбекте әртүрлі деңгейдегі 59 кен орыны ашылып, пайдалануға берілді. Бозашы түбегі мұнай-газ кен орындарын зерттеп, ашқаны үшін 1980 жылы өндіріс және ғылым өкілдері А.А. Дергачев, А.И. Каширский, Н.К. Надиров Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығын алды.

Маңғыстау түбегі мұнай-газ кен орындарының ашылуында тер төккен мұнайшы, бұрғышылар Т.Қадыров, Г.Шевченко, Ғ.Абдіразақов, В.Несветайлов, А.П. Еремін, Д.Нурутдинов Еңбек Ерінің «алтын жұлдызымен» марапатталды.

Ембі мұнайшыларының, инженер-техникалық кадрларының үлгі-өнегесі арқылы түбекте өзіндік мұнайшы мамандар қалыптаса бастады. Бұл істе 1965 жылы күзде Өзен оқу комбинаты ұйымдасты [13].

1966 жылғы 19 ақпанда «Қазақстанмұнай» бірлестігінің №74/11 бұйрығы бойынша оқу комбинаты бірлестік құрамына кіргізілді. Осы бұйрық негізінде және оқу комбинатының №1 бұйрығымен комбинат директоры болып Т.Петрова тағайындалды.

Комбинатқа «Өзенмұнай» басқармасынан Н.С. Карасев, Ю.Н. Демаков, А.Г. Стремский, Ж.Оспанов сияқты инженер-техниктер бөлінген. Комбинатта негізгі курсты, оқытушылар Р.С. Дьяченко, С.Д. Бухметьева, Е.М. Журавлева, К.Рысқалиев жүргізді. Электромонтер, машинист-дизелист, оператор, бұрғышы көмекшісі мамандықтары бойынша 192 теориялық сағат, 170 практикалық сабақтар бойынша мамандар даярланды.

Комбинат 1990 жылға дейін «Маңғыстаумұнай» бірлестігі үшін 41 991 маман, «Өзенмұнай» басқармасы үшін 2742 маман даярлады.

Маңғыстау түбегінде дүниеге келген, мұнай-газ өнеркәсібінде іскерлігі, ұйымдастырушы қабілетімен көрінген маман-кадрлардан КСРО Жоғары Кеңесі депутаты Нұрлыхан Бекбосынов, Қазақстан Республикасы энергетика және минералды ресурстар министрлігінің вице-министрі Ләззат Қиынов, Хайрұлла Ережепов, М.Әбілханов, Тергеу Айдарханов, Әнес Бүркітбаев, Құсайын Талабаев, Сағын Қырымқұлов, Сұлтан Ноғаетов, Дүйсенбі Әріпов, Жақсылық Жаңғазиев, Мұрат Құрбанбаев, Құралбек Келжанов, Сақып Керелбаев сияқты азаматтар өсіп шықты.

Қорытынды.

1962 жылы қарашада Қазақ КСР министрлер кеңесі өндірістік бірлестіктер құру, жеңіл, тамақ, ауыр өнеркәсіп салаларын қарады. Республикада 4 ірі бірлестік құру жоспарланды [14].

КСРО Халық шаруашылығы Жоғарғы Кеңесінің 1963 жылғы 7 қыркүйектегі №53-12 қаулысына және Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1963 жылғы 5 қарашадағы қаулысымен, Батыс Қазақстан Халық шаруашылығы Кеңесі шешіміне сай 1963 жылы 1 желтоқсанда Маңғыстау мұнай бірлестігі құрылды. Бірлестікке төмендегі жеке құрылымдар кірді. 1. Жабдықтарды құрастыру базасы. 2. Автокөлік мекемесі. 3. Өзенмұнай басқармасы. 4. Өзен бұрғылау мекемесі. 5. Салынатын мекемелер дирекциясы.

СОКП орталық комитеті төралқасы «Өзен кенішін игеру мәселесін» арнайы қарап, жүргізілген жұмыстардың өте баяу екенін атап өтілді. 1965 жылы Маңғыстауға КСРО жоспарлау комитеті төрағасы Н.К. Байбаков, КСРО мұнай химия өнеркәсібі министрі Л.Я. Костанов келіп, Гурьев облыстық партия комитетімен тез арада істелетін шараларды белгіледі. Сауысқан-Өзен су құбыры, Ералиев-Жетібай-Өзен телефон байланысын орнату, тұрғын жайлар салу басты міндет ретінде көрсетілді [15].

1965 жылы 25 ақпанда БЛКЖО орталық комитеті Маңғыстауды «Бүкілодақтық комсомолдық құрылыс алаңы» деп жариялады.

Маңғыстау мұнайын игеруге маман-кадрлар ұлт республикаларынан көптеп келе бастады. 1950-1960 жылдары Қазақстан мұнай өнеркәсібі жаңа кен орындары арқылы Одақта алдыңғы орынға шықты. Бұл істе мұнайшы мамандардың атқарған жұмыстары ерекше болды.

Ембі бойынан басталған мұнай кеніштеріне 1930 жылдары Ақтөбе мұнай кәсіпшіліктері қосылса, 1960 жылдары мұнай мен газ республиканың үш аймағында: Гурьев, Ақтөбе, Маңғыстау жерлерінде өндіріле бастады.

Мұнай өндірісінің алғашқы ашушыларын негізінен Ембі мұнайшылары құрады.

Жаңадан ашылған кен орындарын игеру басында да білікті де білгір Ембілік мұнай өндірісінің ірі тұлғалары тұрды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Мұқтар Ә. Қазақ мұнайының тарихы. — Атырау. — 2004. — 188 б.
- 2 Нұрсұлтанова Л.Н. История становления и развития нефтяной промышленности Казахстана (конец XIX в. – начало XX в.). — Алматы. — 2004. — 101 с.
- 3 Бердіғожин Л.Б. Қазақстан мұнай газ өнеркәсібі: кадрлық әлеуеті. — Алматы. — 2012. — 268 б.
- 4 Сухамбердиев М. Валентин Токарев. — Ақтау-Алматы. — 2000. — 112 с.
- 5 Мұхитов Қ.С. Ұлы Отан соғысы мен соғыс қарсаңында Қазақстан Мұнай өнеркәсібінің даму тарихы (1938-1945 жж.): тар. ғыл. канд... дисс. — Алматы. — 2000. — 128 б.
- 6 Серикова Л.С. Қазақстанның мұнай-газ кешендерінің даму тарихы (1985-2000): тар. ғыл. канд... дисс. — Орал. — 2006. — 184 б.

- 7 Табылдиева О.Д. XX ғасырдағы Маңғыстау халқының этнодемографиялық дамуы (1897-1999 жж.): тар. ғыл. канд... автореф. – Алматы. — 2004. — 28 б.
- 8 Маңғыстау облыстық мемлекеттік архивы. 136-қор, 1-тізім, 2-іс. — 1998. — Б. 15-16
- 9 Ашимбаев Т. Богатство недр и щедрость души. Алма-Ата. — 1976. — 265 с.
- 10 Көбенова Г.И. Зарождение и развитие «Ақтөбемұнайгаз»: дисс.канд.ист.наук. — Уральск. — 2004. — 139 с.
- 11 Куандыков Б.М. Геологии Прикаспия – Родине. — Москва. — 1991. — 92 с.
- 12 Маңғыстау облыстық мемлекеттік архиві. 322-қор, 1-тізім, 7-іс. — 32 б.
- 13 Сауткин Е.И. Профсоюзы в борьбе за развитие нефтяной промышленности Казахской ССР (1928-1937 гг.). – УФА. — 1960. — 143 с.
- 14 Атырау облыстық мемлекеттік архиві. 193-қор, 4-тізім, 3-іс. — 1998. — 63 с.
- 15 Темирғалиев К.Е. Борьба за нефть Казахстана (партийное руководство развитием нефтяной промышленности 1920-1970 гг.). — Алма-Ата. — 1982. — 178 с.

ИСТОРИЯ НЕФТЕГАЗОВЫХ МЕСТОРОЖДЕНИЙ МАНГИСТАУ

Аннотация.

В статье описана история открытия и развития нефтегазовых месторождений Мангистауской области. Несмотря на то, что более чем 120 лет с момента открытия и разработки месторождений нефти и газа в Казахстане, отсутствуют специальные экспертные работы, ставшей историографической проблемой опубликованных множеств исследований.

Добыча нефти СССР в 1950 году по сравнению с 1940 годом увеличилась на 22%. Доля восточных регионов, в том числе нефтепроизводство Казахстана составила 40%. Нефтяную промышленность Казахстана перед войной составляли тресты Эмбаунай и Актобемунай, совмеща все разведочные, буровые, добывающие дела, в послевоенные годы в нефтяной промышленности республики произошли значительные структурные изменения. В конце 1950-х начале 1960-х годов открытие рудников Кенкияк, Прорва, Косозен имело большое значение в становлении всего комплекса нефтегазовой промышленности Казахстана. В эти годы выявлены и добыты большие запасы нефти и газа с полуострова Мангистау, что сразу повысило по уровню подготовки и деловых компетенций нефтяников Казахстана среди крупных союзных нефтепроизводств России и Азербайджана.

При написании статьи использованы архивные данные, диссертационные и монографические работы, изданные в последние годы. Мангистауская нефтегазодобывающая промышленность, имеющая свое место в экономическом развитии независимой страны, является основой социально-экономического развития полуострова. В написанной статье также представлены проблемы с данными городов, демографического роста и экологического состояния.

Ключевые слова: Казахстан, добыча нефти и газа, Мангистау, Жана Озен, месторождение Жетыбай, Сафи Утебаев.

HISTORY OF OIL AND GAS FIELDS OF MANGISTAU

Abstract.

The article describes the history of the discovery and development of deposits in the Mangistau region. Despite the fact that more than 120 years since the discovery and development of the oil and gas field in Kazakhstan, there are no special expert works, which has become a historiographic problem of numerous published studies.

Oil production in the USSR in 1950 increased by 22% compared to 1940. The share of the eastern regions, including the oil production of Kazakhstan, is 40%. The oil industry of Kazakhstan before the war, a significant part of the trusts Embamunai and Aktobemunai, joint all exploration, drilling, production, in the post-war years in the oil industry of the republic have serious structural changes. In the late 1950s and early 1960s, the discovery of the Kenkiyak, Prorva, Kosozeno mines was of great importance in the development of the entire complex of the oil and gas industry in Kazakhstan. During these years, the extracted oil and gas reserves from the Mangistau peninsula were identified and increased, which immediately raised the level of quality and skill level of oil workers in Kazakhstan among the large unions of oil producers in Russia and Azerbaijan.

When writing the article, archival data, dissertations and monographic works published in recent years were used. Mangystau mining, which has its place in the economic development of an independent country, is the basis of

the socio-economic development of the peninsula. The written article also mentions problems with the data of cities, demographic growth and ecological state.

Key words: Kazakhstan, oil and gas production, Mangistau, Zhana Uzen, Zhetybay deposit, Sapi Utebayev.

REFERENCES

- 1 Mūqtar Ä. Qazaq mūnaiynyñ tarihy. [*History of Kazakh oil*]. Atyrau. 2004. 188 p. [in Kazakh]
- 2 Nursultanova L.N. Istoriya stanovleniya i razvitiya neftyanoi promyshlennosti Kazakhstana (konets XIX v. – nachalo XX v.). [*The history of the formation and development of the oil industry of Kazakhstan (the end of the 19th century - the beginning of the 20th century)*]. Almaty. 2004. 101 p. [in Russian]
- 3 Berdiğojin L.B. Qazaqstan mūnai gaz önerkäsibi.kadrlyq äleueti. [*Kazakhstan's oil and gas industry, personnel potential*]. Almaty. 2012. 268 p. [in Kazakh]
- 4 Suhamberdiev M. Valentin Tokarev. [*Valentin Tokarev*]. Aktau-Almaty. 2000. 112 p. [in Russian]
- 5 Mūhitov Q.S. Üly Otan soğysy men soğys qarsañynda Qazaqstan Mūnai önerkäsibiniñ damu tarihy (1938-1945 jj.). [*The history of the development of the oil industry of Kazakhstan on the eve of the Great Patriotic War (1938-1945)*]. tar. ğyl. kand... diss. Almaty. 2000. 128 p. [in Kazakh]
- 6 Serikova L.S. Qazaqstannyñ mūnai-gaz keşenderiniñ damu tarihy (1985-2000). [*History of development of oil and gas complexes of Kazakhstan (1985-2000)*]: tar. ğyl. kand... diss. Oral. 2006. 184 p. [in Kazakh]
- 7 Tabylдиеva O.D. XX ғасырдағы Маңғыстау халқының этнодемографиялық дамуы (1897-1999). [*Ethno-demographic development of the Mangystau people in the 20th century (1897-1999)*]: tar.ğyl.kand.avtoref. Almaty. 2004. 28 p. [in Kazakh]
- 8 Маңғыстау облыстық мемлекеттік архивы. [*Mangistau regional state archive*]. 136-қор, 1-тізім, 2-іс. P. 15-16 [in Kazakh]
- 9 Ashimbaev T. Bogatstvo neder i shedrost dushi. [*Wealth of the bowels and generosity of the soul*]. Alma-Ata. 1976. 265 p. [in Russian]
- 10 Kobenova G.İ. Zarozhdenie i razvitie. [*Origin and development*] «Aktobemunai gaz»: diss.kand.ist.nauk. Uralsk. 2004. 139 p. [in Russian]
- 11 Kuandykov B.M. Geologii Prikaspiya – Rodine. [*Geology of the Caspian Sea - Motherland*]. Moskva. 1991. 92 p. [in Russian]
- 12 Маңғыстау облыстық мемлекеттік архивы. [*Mangistau regional state archive*]. 322-қор, 1-тізім, 7-іс. 32 p. [in Kazakh]
- 13 Sautkin E.İ. Profsoyuzy v borbe za razvitie neftyanoi promyshlennosti Kazakhskoi SSR (1928-1937 gg.). [*Trade unions in the struggle for the development of the oil industry of the Kazakh SSR (1928-1937 gg.)*]. UFA. 1960. 143 p. [in Russian]
- 14 Atyrau oblystyq memlekettik arhivy. [*Atyrau regional state archive*]. 193-қор, 4-тізім, 3-іс. 1998. 63 p. [in Kazakh]
- 15 Temirgaliev K.E. Borba za neft Kazakhstana (partiinoe rukovodstvo razvitiem neftyanoi promyshlennosti 1920-1970 gg.). [*The struggle for the oil of Kazakhstan (party leadership in the development of the oil industry in 1920-1970)*]. Alma-Ata. 1982. 178 p. [in Russian]

Information about authors:

Leskali Berdyguzhin – **corresponding author**, doctor of historical sciences, associate. associate professor Department of “Kazakhstan and world history” Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: berdyguzhin@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5748-227X>

Zhazira Amanbaeva – master student of the Department history of “Kazakhstan and world history”, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: Amanbayeva@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1566-6417>

Информация об авторах:

Лескали Бердыгужин – **основной автор**, доктор исторических наук, доцент кафедры истории «Казахстана и всемирной истории», Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: berdyguzhin@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5748-227X>

Жазира Аманбаева – магистрант кафедры история «Казахстана и всемирная история», Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: Amanbayeva@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1566-6417>

Авторлар туралы ақпарат:

Лескали Бердыгужин – **негізгі автор**, тарих ғылымдарының докторы, доцент «Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: berdyguzhin@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5748-227X>

Жазира Аманбаева – «Қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихы» кафедрасының магистранты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: Amanbayeva@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1566-6417>